

Нуржанова Ж.С.,
Ихсангалиева Г.К.

**Орыс тілін шет тілі ретінде
оқыту сабақтарындағы
грамматиканы оқытуға
қатысты көрнекі құралдары**

Мақалада тілді оқыту және студенттердің тілді меңгеру қызметі бойынша оқытушылық қызметін басқару оқу құралдары мен техникалық құрылғылар кешені зерттеледі. Олар әдістеменің базалық категориясына жатады, тілді меңгеру үдерісін жеңілдетеді және оны мүмкіндігінше әсерлі етеді. Оқыту құралдары оқытушыларға арналған, студенттерге арналған, аудиовизуалды және техникалық құралдар деп бөлінеді. Соңғысы оқытушыларға да студенттерге де бірдей деңгейде арналған.

Оқулықтарда көркем-бейнелі көрнекіліктер – сурет, сурет өнері шығармасының көшірмесі, фотосуреттер, графикалық көрнекіліктер (кестелер мен сызбалар) түрінде және де мәтінді қаріптік безендірудің түрлі тәсілдері кеңінен қолданылады.

Түйін сөздер: оқыту құралдары, орыс тілі шет тілі ретінде, көрнекі құралдары, грамматикалық форма, сөйлеу моделі.

Nurzhanova Zh.S.,
Ikhsangaliyeva G.K.

**About using of presentational
means in teaching grammar on
the lessons of russian language as
foreign**

In the article the complex of manuals and technical adaptations by means of which control of activity of the teacher training in language and activities of students mastering the language is considered. They treat basic categories of the technique, facilitate process of language acquisition and make it more effective. It is accepted to allocate tutorials for teachers, for students, audiovisual and technical means. The last are to the same extent addressed both to teachers, and students.

The article is devoted to detailed analyze of graphic presentation as the component of the textbook. Tutorials for students include the textbook, books for reading, exercise books, reference books and dictionaries. In textbooks are widely used art and graphic presentation – in the form of drawings, reproductions from works of painting, photos, graphic presentation (tables and schemes), and also different ways of text font design. The preference is given to illustrations in color. Thus, at introduction of new material, an explanation of grammar it is desirable to use drawings, schemes and tables.

Key words: learning tools, Russian as foreign language, visual demonstration, grammatical form, speech pattern, illustration.

Нуржанова Ж.С.,
Ихсангалиева Г.К.

**Об использовании наглядных
средств при обучении
грамматике на занятиях
русского языка
как иностранного**

В статье рассматривается комплекс учебных пособий и технических приспособлений, с помощью которых осуществляется управление деятельностью преподавателя по обучению языку и деятельностью студентов по овладению языком. Эти средства обучения относятся к базисным категориям методики, облегчают процесс овладения языком и делают его наиболее эффективным. Принято выделять средства обучения для преподавателей, для студентов, аудиовизуальные и технические средства. Последние в одинаковой степени адресуются как преподавателям, так и студентам.

Статья посвящена подробному анализу наглядности как компоненту учебника. В учебниках широко используется художественно-изобразительная наглядность – в виде рисунков, репродукций с произведений живописи, фотографий, графическая наглядность (таблицы и схемы), а также различные способы шрифтового оформления текста. Предпочтение отдается иллюстрациям в цвете. Таким образом, при введении нового материала, объяснении грамматики желательно использовать рисунки, схемы и таблицы.

Ключевые слова: средства обучения, русский язык как иностранный, наглядность, грамматическая форма, речевая модель, иллюстрации.

ӘОЖ 16.31.41

Нуржанова Ж.С.¹, Ихсанғалиева Г.К.²,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

¹доценті, ф. г. к., ²профессорі, ф. г. д., Алматы қ., Қазақстан,

e-mail: nur.zhanna@list.ru; g.k.ikhsan@mail.ru

**ОРЫС ТІЛІН ШЕТ ТІЛІ
РЕТІНДЕ ОҚЫТУ
САБАҚТАРЫНДАҒЫ
ГРАММАТИКАНЫ
ОҚЫТУҒА ҚАТЫСТЫ
КӨРНЕКІ ҚҰРАЛДАРЫ**

Тілді оқыту және студенттердің тілді меңгеру қызметі бойынша оқытушылық қызметін басқару оқу құралдары мен техникалық құрылғылар кешені көмегімен жүзеге асырылады және олар оқыту құралы болып табылады. Олар әдістеменің базалық категориясына жатады, тілді меңгеру үдерісін жеңілдетеді және оны мүмкіндігінше әсерлі етеді. Оқыту құралдары оқытушыларға арналған, студенттерге арналған, аудиовизуалды және техникалық құралдар деп бөлінеді. Соңғысы оқытушыларға да студенттерге де бірдей деңгейде арналған.

Студенттерге арналған оқыту құралдарына оқулықтар, оқуға арналған кітаптар, жаттығулар жинақтары, анықтамалар мен сөздіктер жатады. Оқулықтарда көркем-бейнелі көрнекіліктер – сурет, сурет өнері шығармасының көшірмесі, фотосуреттер, графикалық көрнекіліктер (кестелер мен сызбалар) түрінде және де мәтінді кәріптік безендірудің түрлі тәсілдері кеңінен қолданылады.

Кез келген шет тілін, соның ішінде орыс тілін де шет тілі ретінде үйрену курсына грамматиканың рөлі ерекше, грамматика өте қажетті база, онсыз шет тілін толық деңгейінде қолдану, оны қарым-қатынас құралы ретінде пайдалану мүмкін емес. Туған тілдің грамматикасы тіл иеленушінің санасында құрылады және рефлексия кезінде танылады. Шет тілін оқыту барысында педагог алдына үлкен міндет – оқытылып жатқан тілдің ережелері мен формалар жүйесін автоматты қолдану деңгейіне жеткізу міндеті қойылады.

Біздің көзқарасымыз бойынша, орыс тілінде зат есімнің «родын» үйрету орыс тілін оқытуда ең негізге алынатын тақырыптардың бірі болып табылады. Осы материалды түсіндіру барысында тақтаны үшке бөлуге болады: бірінші – мужской родка, екінші – женский родка және үшінші – средний родка арналған. Түсті бор немесе маркерлерді қолдану студенттерге родтық жалғауларды естерінде жақсы сақтауда сәтті көмектеседі. Көк түс – мужской род, қызыл – женский және сары түс – средний род. Есімдіктердің жалғаулары (*он, она, оно*) студенттерге зат есімдердің родын анықтауда көмекші қызмет атқарады. Есімдіктердің өздерін де сәйкес түстермен бояп қоюға болады. Тәуелдеу есімдігін де менікі – *мой, моя, моё* сәйкес аймаққа сәйкесінше түске бояп *Чей это учебник? Чья это ручка? Чьё это окно? сұрақтарын қойып, студенттердің көру арқылы родты анықтау қабілеттерін қалыптастыру.*

он мой		она моя		оно моё		
дауыссызға -б -в -д -з -л -м -н -п -р -с -т -ф -ц -к -г -ш -ж -ч -щ -й		-а	-я -ия	-о	-е -ёе	-ие -мя
хлеб го́род глаз стол дом брат шарф нос ме́сяц телефо́н уро́к	парк друг ору́х каранда́ш нож мяч плащ чай май геро́й	ру́чка газе́та кни́га ла́мпа бу́ква су́мка ка́рта доро́га водá странá пого́да	неде́ля ку́хня иде́я семья́ пе́сня фами́лия профе́ссия ста́нция	окно́ яблоко пальто́ ра́дио кино́ яйцо́ сло́во молоко́ ма́сло	кафе́ мо́ре со́лнце здо́ровье сча́стье пла́тье	за́нятие зда́ние вре́мя пла́мя

Осылайша, студенттердің лексикалық қорларын жоспарланған тақырыптар бойынша пысықтап және родты меңгеруін қамтамасыз етуге болады. Түстерді ұзақ уақыт бойы қол-

дануға болады. Зат есімдердің сын есімдермен қиысуын түрлі түстер қолданылған сызба және кесте түріндегі плакаттар арқылы көрсетуге болады.

Род	Ереже	Мысалдар
Какóй?	-ый г, к, х ж, ш, щ, ч -ий н' под ударением -ой	у́мный студéнт, краси́вый дом, тёплый шарф лёгкий стол, све́жий хлеб, хоро́ший врач, горя́чий чай си́н'ий каранда́ш, весе́нн'ий день большо́й стол, плохой учебник, молодóй человек
Какáя?	-ая н' -ая	у́мная соба́ка, краси́вая де́вушка, тёплая весна́ си́н'ая ша́пка, весе́нн'ая пого́да
Какóе?	-ое ж, ш, щ, ч н' -ее под ударением -ое	краси́вое мо́ре, тёплое пальто́ све́жее мя́со, хоро́шее кафе́, горя́чее молоко́ си́н'ее мо́ре, весе́нн'ее со́лнце [сонцэ] большо́е окно, плохойе здо́ровье, молодóе дерево

Осы секілді кестені студенттермен бірге толтырған дұрыс (педагог тақтаға, студенттер дәптерлеріне). Берілген материалмен жұмыс жасалып, жаттығулармен бекітіліп болғаннан соң, біртіндеп бір родтан келесіге ауысу керек. Оқытушының студенттермен бірге жұмыс істеуі әдетке айналып, студенттер жаңа мате-

риалдарды жақсы қабылдап, есте жақсы сақтайды.

Көрнекіліктің тағы бір құралы – грамматикалық формаларды үйреніп жатқандарға арналған қиын қолданыстар көрсетілген арнайы плакаттар. Жеке плакатқа жатыс септікте -у-ға аяқталатын зат есімдерді жазып қоюға болады:

В шкафу́ В лесу́ В саду́ В углу́	В ... году́ В аэропорту́ В порту́	На берегу́ На мосту́ На полу́ На снегу́	На краю́
---	---	--	----------

Мұндай плакатты грамматикалық материалды түсіндіру үшін және де қайталауға, үнемі ес-

теріне салып және қателерді туралап отыру үшін қолдануға болады.

Бекіту үшін үйде орындалатын өзіндік жұмысына арналған қосымша мәтіндері бар оқуға арналған кітаптардың мәтіндерін пайдалануға болады. Мұндай кітаптардың материалдары оқуға деген қызығушылықтарын туғызады, шет тілді мәтінмен жұмыс жасаумен таныстырады, аудиторлы сабақтар барысында иемденген ептіліктері мен дағдыларын белсенді етуге ықпал етеді. Жұмыс үшін біз О.Э. Чубарованың «Шкатулка» атты оқуға арналған кітабынан «Наш дом» («Біздің үй») деген өлеңін пайдаланамыз [2, 45].

НАШ ДОМ

(Зат есімнің жатыс септігі, ерекие)

мост – bridge
чудо – miracle
рай – paradise
берег – bank
рыбак – fisherman
кун-фу – kong-fu
сад – garden
прозрачный – transparent
пруд – pond
красота – beauty
милый – nice

Өлеңді оқыңдар.

На маленьком мосту стою.
 Погода – чудо, как в раю.

Сидят на берегу реки
 Мой сын и муж мой – рыбаки.

А на углу – красивый дом.
 Мы летом там всегда живём.

Лежит гитара на полу,
 Стоит аквариум в углу,

А в чемодане, на шкафу,
 Конечно, книги по кун-фу.

Деревья и цветы в саду,
 Вода прозрачная в пруду...

Сидят на берегу реки
 Мой муж и сын мой, рыбаки.

А я на маленьком мосту
 Стою, смотрю на красоту:

Там, на углу, наш милый дом,
 Мы летом в нём всегда живём...

Сұрақтарға жауап беріңдер.

Где она стоит?
 Где сидят рыбаки?
 Где их красивый дом?
 Где гитара?
 Где аквариум?
 Где книги по кун-фу?
 Где деревья и цветы?
 А прозрачная вода?

Жаңа етістіктерді табыңдар.

Естеріңде қалғаны бойынша мәтіннің авторы нені және қайдан көріп тұрғандығын айтып беріңдер.

Бұл өлеңді жаттап алуға болады, себебі керекті грамматикасы бар өлеңдерді жаттау грамматикалық формаларды қолдану дағдыларын белсенді етуге және бекітуге көмегін тигізеді.

Мәтінмен жұмыс – оқытудағы ең маңызды сәттердің бірі. Үйретіліп жатқан грамматикалық моделдері бар мәтіндерді сабақта пайдалану қажет. Алдымен студенттер мәтінді көріп, мағынасын түсініп және жаңа грамматикалық формамен танысу керек. Мәтіннің мағынасынан оларға берілген жағдайда жаңа форманың не себепті қолданылып тұрғандығы түсінікті болады. Грамматикалық моделді көрсету үшін мәтін үлкен болмауы, бірақ айқын және есте қаларлықтай болуы тиіс. Бұл мақсатта мақалдар, мәтелдер, жұмбақтар немесе қысқа өлеңдерді пайдаланған тиімді болмақ.

Көрсетіп және мәтіннің мағынасын алдын ала түсіндіруден кейін үйретіліп жатқан грамматикалық формаға назар аударылуы қажет. Оқытушы сөйлеу моделін көрсетуі және оның сөйлеу барысында қандай қызмет атқаратындағын түсіндіруі шарт. Үйретіліп шыққан грамматикалық форманы әрмен қарай көп рет түрлі сөйлеу қызметтерінде жаттықтыру (оқығанда, хатта, аудио тыңдағанда және сөйлегенде) және белсенді ету қажет.

Альтернативті тапсырма ретінде студенттерге өз оқиғаларын жазуды, әңгімені басқаша аяқтауды, сюжетті жалғастыруды ұсынуға болады. Әңгімеге сурет салғызып, содан кейін сол бойынша сюжетті қайта құрып айтып беру секілді тапсырма беруге болады. Оқытудың бастапқы сатыларында шығармашылық тапсырмалардың кіріспесі сөйлеу қызметінің түрлерінің дамуына ықпал етеді және студенттердің тілдік, сөйлеу және коммуникативтік құзіреттілігін құрастырады.

Орыс тілін шет тілі ретінде оқытушының міндеті оқытуды қатал грамматикалық жүйе негізінде ұйымдастыру, студенттің өз мақсаты болмауы тиіс, алайда қарым-қатынас үдерісін-

дегі түсінісуге қажетті шарт ретінде ұйымдастыру. Оқытушы грамматиканы белсенді меңгерту үшін сәйкес жаттығуларды таңдай отырып, студентке орыс тілін жетік меңгертуі тиіс.

Әдебиеттер

- 1 Грамматика русского языка в иллюстрациях: Учебное пособие / К.И. Пехливанова, М.Н. Лебедева. – 10-е изд., стереотип. – М.: Рус.яз., 2005. – 352 с.
- 2 Шкатулка: Пособие по чтению для иностранцев, начинающих изучать русский язык. – 3-е изд., стереотип. – М.: Рус. яз. курсы, 2008. – 224 с.

References

- 1 Grammatika russkogo yazyka v illyustraciyah: Uchebnoe posobie / K. I. Pehlivanova, M.N. Lebedeva. – 10-e izd., stereotip. – M.: Rus. yaz., 2005. – 352 s.
- 2 Shkatulka: Posobie po chteniyu dlya inostrancev, nachinayushhix izuchat russkij yazyk. – 3-e izd., stereotip. – M.: Rus. yaz. kursy, 2008. – 224 s.